



қыркүйек 2015 жыл

www.kgu.kz

№7(89)



Құрметті әріптестер мен студенттер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлтымыздың ұлан-ғайыр тарихында Қасым ханның «Қасқа жолынан» бастау алған бүгінгі Конституциямыз – Елбасы ұсынып, халық қолдаған, елімізді биік белеске шығарған, тарихи маңызы аса зор құжат.

Уважаемые коллеги и студенты!

От всей души поздравляю Вас с Днем Конституции Республики Казахстан!

Конституция – основа стабильности и процветания страны, гарант прав и свобод каждого казахстанца. Основной закон является главным путеводителем Республики в его развитии и основной социально – экономических и политических процессов в обществе, а также достижений нашей страны в различных сферах.

За эти годы Конституция доказала свою состоятельность. Однако на этом ее потенциал не исчерпан. Основной закон страны по-прежнему

Ата Занды ардақтау – келешекке керуен тартқан мемлекетіміздегі әрбір азаматтың асыл парызы. Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің берік кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы біз экономикалық өсімге және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткізіп, елімізде тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қалыптастырдық.

Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын! Отанымыз – Қазақстан Республикасы нығайып, дами берсін!

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ә.Әбжаппаров

остается главным условием процветания суверенного Казахстана.

Строгое следование Конституции — основа успешного развития государства, эффективности ответов на новые вызовы современности, гражданского согласия в обществе.

Сердечно поздравляю вас с Днем Конституции! Желаю крепкого здоровья, благополучия, добра, счастья и оптимизма!

Ректор Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова профессор А.Абжаппаров

1 қыркүйек - жаңа бастамалардың, жаңа ізденістердің, жаңа идеялардың символы болмақ. Жаңа оқу жылында биік белестерге көтеріліп, білімнің заңғар шыңына жетіңіздер. Өмір сынақтарынан да, білім сынақтарынан да ешқашанда сүрінбеңіздер. Жарық таңдарға қол созып, білімнің аппақ сәулесін бойларыңызға терең сіңіріңіздер!

Сіздерге шығармашылық табыс, қажымас қайрат, зор денсаулық тілеймін.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ә.Әбжаппаров

которые помогают справляться с житейскими неурядицами.

Счастья и благополучия всем: студентам – успехов в покорении наук, преподавателям – мудрости и терпения в обучении молодежи, родителям – понимания и грамотного воспитания.

Творческих успехов и крепкого здоровья!

Ректор Кокшетауского государственного университета, профессор А.Абжаппаров

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Сіздерді мұсылмандардың ең ұлық мерекесі - қасиетті Құрбан айтымен шын жүректен құттықтаймын! Айт күнігізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла Тағала қабыл етсін! Әрбір отбасына бақыт, бақ-береке орнасын! Көп ұлт пен ұлысты Отанымызға бірлік пен ынтымақ берсін!

Жаратқан Иеміз бәрімізге амандық, елімізге тыныштық, татулық әкелсін! Қасиетті мереке әр шаңыраққа шаттығын ала келсін! Жүректерімізге иман нұрын құйып, баршамызға екі дүние бақытын нәсіп етсін! Құрбан айт мұбарәк болсын!

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ ректоры Ә.Әбжаппаров

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Сіздерді ұстаздарымыздың кәсіби мерекесі - Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындағып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухқа бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Білім мен ғылымға, ұрпақ тәрбиесі жолына арнаған қызметтеріңізде әрдайым абырой биігінен көріне беріңіздер! Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, еңбектеріңіз жана берсін! Осынау мерейлі мереке күні Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы істеріңізге мол табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін.

Құрметпен, ректор, профессор Ә.Әбжаппаров

поздравлений и пожеланий в свой адрес. Я хочу поздравить вас и пожелать вам в этот праздничный день крепкого здоровья, благополучия в семье, успехов в деле обучения и воспитания подрастающего поколения, больших творческих достижений и искренне поблагодарить за то, что вы даете самое главное в жизни - знания.

С уважением, ректор, профессор А.Абжаппаров

Ректордың ұжыммен кездесуі



2015 жылғы 3 қыркүйек күні Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ә.Әбжаппаров университет ұжымымен кездесуі өткізді.

Жиынның негізгі мақсаты - 2014-2015 оқу жылында университеттің атқарған қызметі туралы есеп. Осыған байланысты көпшілік қауым назарына өткен оқу жылдарындағы университеттің қызметін көрсететін бейнематериал ұсынылды. Онда осы уақыт аралығында атқарылған маңызды іс-шаралар, университеттің қол жеткізген зор жетістіктері, халықаралық қатынастардың нығайтуы мен дамуы және университет өміріндегі айтулы оқиғалар көрініс тапты.

Аталған шараға университет қызметкерлері, ОПҚ және магистранттар қатысты.

Кездесуді құттықтау рәсімімен бастаған Әбдімүтәліп Әбжаппарұлы жиылған қауымның көңіл-күйін көтеріп тастады. Бұл бірнеше жылдан бері университеттің қоғамдық әрі оқу-ағарту ісінде атқарған ерен еңбектері үшін ҚР ҒБМ тарапынан берілген марапаттар. Тарих, зантану, өнер және спорт факультетінің Бейнелеу өнері және сызу кафедрасы мен Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен практикасы кафедрасының Л.Ж.Қожабаева, О.И.Лузина, С.Д.Билялов, О.Ж.Сатиевтер сынды оқытушылары. Оларға Құрмет және Төс белгілер табысталып, гүл шоқтары берілді. Ректор университеттің өркендеуі мен дамуы жолында көп еңбек сіңірген оқытушыларды құттықтай келе, осындай атақтар мен марапаттарға жақсы нәтижелерге қол жеткізген кез келген оқытушы – профессорлардың еңбеі бола алатындығын атап өтті.

Білім ордасының басшысы Ә.Әбжаппарұлы 2014-2015 оқу жылындағы университеттің қызметі туралы есебін оқып, онда жылдық қызметті қамтитын қоғамның әлеуметтік-экономикалық және әлемдік білім беру стандарттарының талаптарына сай білім беру сапасын, оқыту технологиясы мен әдістемесін жақсартуда университет басшылығы мен ұжымының ауқымды

жұмыстарды атқарғандығын атап көрсетті. Сондай-ақ, болашақта жасалатын ігі істер туралы да сөз қозғалды.

Ректордың баяндамасынан кейін сөз алған оқытушылар, магистранттар мен докторанттар университетте сапалы білім алу, ғылыммен айналысу, алыс және жақын шетелдерге шығып, кәсіби тәжірибе жинау үшін бар мүмкіндіктер мен жағдайлардың жасалғандығын үлкен ризашылықпен айтып өтті. Соның бірі жас докторант, филология ғылымдарының магистрі Г.Бөкен жастар атынан сөз сөйлеп, «университет туралы өзінің өзі пікірін білдірді. Ол «білім алушыларға жасалған жағдай үшін ректор Ә.Әбжаппарұлына зор алғысын айтып, өз қаламынан шыққан төлтуындысы – арнауын көпшілік назарына ұсынды.

Отырыс соңында университет оқытушылары мен қызметкерлері өздерін толғандырып жүрген бірқатар өзекті мәселелерді қозғап, оларға мекеме басшысынан нақты әрі тұшымды жауаптар алды. Мекеме басшысы берген есепке жиылған қауымның көңілдері толып, өз ризашылықтарын білдірді.

Негізі, «басшылардың бойында үш түрлі қасиет болуы шарт: ұйымдастырушылық, өзі ғалым болуы және дипломат болуы керек», - деген сөз бар ғой. Ендеше, осындай қасиеттердің барлығын да бойынан табуға болатын ректор Әбдімүтәліп Әбжаппарұлын арқасында осындай шаралар тиісті деңгейде ұйымдастырылып, ойдағыдай өтуде.

Ә.Әбжаппарұлы университеттің жағдайларын қадағалап отырылуын өз көмекшілеріне жүктеп, алдағы уақытта да осындай кездесулердің жиі болатынын атап өтті. Отырыс соңында Ректор университеттің ОПҚ тағы да жана оқу жылымен құттықтап, оларға шығармашылық табыс тіледі.

Встреча ректора с коллективом

3 сентября 2015 года ректор Кокшетауского государственного университета им.Ш.Уалиханова, профессор Абжаппаров А.А. провел встречу с коллективом.

Главная цель встречи – отчет за проведенную в 2014-2015 учебном году работу. Вниманию собравшихся был представлен видеоматериал о деятельности университета за прошедший учебный год. В видеофильме нашли отражение важные мероприятия, достигнутые успехи университета, развитие и укрепление международных отношений, знаменательные события в жизни университета.

На мероприятии присутствовали сотрудники, ППС и магистранты университета.

Встречу с поздравительным словом открыл Абдумуталип Абжаппарович. Он вручил сотрудникам награды МОН РК за особые заслуги в общественной и учебно-просветительской деятельности университета – это преподаватели кафедры Изобразительное искусство и черчение и кафедры Физкультура, теория и практика спорта Кожабоева Л.Ж., Лузина О.И., Билялов С.Д., Сатиев О.Ж. Им были вручены нагрудные знаки и цветы. Вручив награды и поблагодарив преподавателей за вклад в развитие и успехи университета, ректор отметил, что любой преподаватель, профессор может получить такие звания и награды за достижения в работе.

Руководитель учебного заведения Абжаппаров А.А. прочитал отчет о деятельности университета в 2014-2015 учебном году, он отметил огромную работу руководства и коллектива университета в социально-экономической области и в области улучшения качества обучения, технологий и методик обучения в соответствии с мировыми

стандартами образования. Также он рассказал о добрых делах, которые прошли в университете.

После доклада ректора выступили преподаватели, магистранты и докторанты, они выразили благодарность за предоставленную им возможность заниматься наукой, получать качественные знания, стажироваться и набираться опыта за рубежом в странах ближнего и дальнего зарубежья. Докторант, магистр филологических наук Бокен Г. выступила от имени молодежи, она высказала свое мнение об университете, поблагодарила ректора Абжаппарова А.А. за создание условий обучающимся и прочитала свое посвящение.

В заключение встречи преподаватели и сотрудники университета обратились к ректору по волнующим их вопросам и получили на них ответы. Собравшиеся остались довольными отчетом руководителя учебного заведения и поблагодарили его.

Есть такое высказывание: «Руководитель должен обладать тремя качествами – он должен быть организатором, ученым и дипломатом». Всеми этими качествами ректор Абдумуталип Абжаппарович обладает и благодаря им такие мероприятия организуются и проводятся на должном уровне.

Ректор возложил на своих помощников контроль ситуации в университете и отметил, что подобные мероприятия будут проводиться и впредь. В конце встречи ректор еще раз поздравил ППС с новым учебным годом и пожелал всем творческих успехов.



Құрметті ұстаздар мен студенттер!

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Уважаемые преподаватели и студенты!

От всей души поздравляю вас с Днем знаний и началом нового учебного года!

В этот день мы строим новые планы, мечтаем о новых достижениях, жаждем новых знаний и с нетерпением ждем новых знакомых, друзей.

Пусть полученные в учебных заведениях знания станут стартовой основой, необходимой для служения своему Отечеству! Пусть в вашей жизни всегда будет место знанию, мудрости,



Уважаемые коллеги и студенты!

От чистого сердца поздравляю вас с профессиональным праздником - Днем учителя!

Учитель - это очень важный человек в жизни каждого из нас. Его труд требует инициативы и самостоятельности при решении многих проблем обучения и воспитания.

Сегодня у вас профессиональный праздник, и вы, конечно, достойны самых искренних и теплых



Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» тарихи-мәдени экспедициясы мүшелерімен кездесу

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің салтанат залында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» тарихи-мәдени экспедициясы мүшелерімен кездесу өтті.

Бұл экспедиция тобы қазақтың ұлы ханы Абылай 40 жыл хандық құрған қасиетті де киелі Көкше жерінен 2015 жылдың 11 қыркүйегінен бастау алып, қазақ хандығы құрылған көне Тараз шаһарына жетіп тоқтамақшы.

Оның құрамы 12 ғалым және 10 журналист пен түсірілім тобынан тұрады.

Экспедиция өз қызметін 3 бағытта жүзеге асырмақ:

1. Жастарды отансүйгіштікке баулу;
2. Ғылыми танымдық – Қазақ мемлекетінің тарихы мен мәдени мұрасын зерттеу бойынша ғылыми-танымдық іс-шаралар өткізу;
3. Ақпараттық – республикалық озық БАҚ, АНК порталы, G-GLOBAL алаңы арқылы рухани және ұлттық бірлікті нығайтатын адамгершілік құндылықтарды дәріптеу және насихаттау.

Экспедицияның мақсаты – Қазақстан халқының тарихи-мәдени және рухани мұрасын тану және насихаттау негізінде Қазақстандықтардың рухани және ұлттық бірлігін нығайту.

Экспедицияның міндеттері 5 институционалдық реформаны іске асыру бойынша Елбасы белгілеген 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт жоспарын жүзеге асыру.

Осыған орай, Қазақстан халқы Ассамблеясы әріптестерімен және тарих саласының ғалымдарымен бірлесе отырып, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» тарихи-мәдени экспедициясын ұйымдастырып отыр.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ ректоры Ә.Әбжаппарұлы шараға қатысушыларды Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойымен құттықтап, келесі құрамдағы экспе-



диция мүшелерімен, атап айтсақ, экспедиция төрағасы, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ әдістемелік қамсыздандыру және Ғылыми-сараптамалық қолдау қызметінің жетекшісі, ҚХА ҒСҚ

мүшесі, т.ғ.д., профессор Н.У.Шаяхметов, ҒСҚ мүшесі, Астана қаласының ҚХА ғылыми-сараптау тобының жетекшісі, «Қазақстанның Әзербайжан мәдени орталықтары Одағының» Президенті, халықаралық «Туран-экспресс»

газетінің бас редакторы, т.ғ.д., профессор В.К.Салахов, ҚХА БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, профессор, тарихшы, ғалым А.Н.Қашқынбаев, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, т.ғ.к. Ә.Қ.Әлпейісов, «Ұлт тағдыры» Республикалық Қоғамдық Қозғалыс төрағасы, ҚХА ҒСҚ мүшесі, саясаттанушы Дос Көшім Қалмаханұлы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражай директоры Мыңбай Дархан Қамзабекұлы, ҚХА ҒСҚ мүшесі, тіл саласының маманы Ғосман Төлегұл, ҚХА ҒСҚ мүшесі, «Қырғызстан-Астана» қырғыз этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ш.А.Исмаилов, ҚР Президенті жанындағы МБА Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі ғылыми қызметкері Т.Ж.Жақиянов, Қазақстан Географиялық Қоғамының өкілі, Қазақстан блогерлер Альянсының Президенті Ғалым Байтук, Қазақстан Географиялық Қоғамының өкілі, «Bike The Earth!» саяхатын бастаған Мағжан Сағымбаевпен таныстырды.

Шараға қатысып сөз сөйлегендер ең асыл қазына – ел бірлігі және Қазақтың рухын биікке көтеру мәселесі жөнінде баса айтып, жастарға рухани қолдау берді.

Отырыс соңында экспедиция мүшелеріне ауқымды сұрақтар қойылып, оларға тұшымды жауаптар алынды. Осындай қазақтың зиялы қауымдарынан дәріс тыңдаған білім ордасының студенттері өздеріне мол рухани азық алып, жақсы ниетпен таркасты.

Шараға қатысқан экспедиция мүшелері Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің мұражайын аралап, естелік фотосуретке түсті.

«Қазақ мемлекеттілігі: өткені және бүгіні» атты студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы

2015 жылғы 16 қыркүйек күні Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің салтанат залында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ мемлекеттілігі: өткені және бүгіні» атты студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы өтті.



Конференция мақсаты - қазақ хандығы мен қазақ халқының тарихын, еліміздің өркендеуіне және нығаюына өмірі мен қызметін арнаған көрнекті тарихи тұлғалардың еңбектерін және есімдерін жастарға насихаттау.

Іс-шараға белгілі тарихшылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері университеттің ОПҚ мен студенттері және БАҚ өкілдері қатысты. Шара барысында университет кітапханашылары кітап көрмесін ұйымдастырды.

Аталған шараны Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Сейіткасымов Аманай Асылбайұлы өзінің құттықтау сөзімен ашты.

Конференция баяндамашылары:

1. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Отан тарихы және ҚХА кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Әбуев Қадыржан Кабиденұлы. «Президент Н.А.Назарбаев об истоках казахской государственности»

2. «Өрлеу» БАҰО-АҚ Ақмола облысы

бойынша ПК БАИ филиалы ЖҒ(Г)АЭИТ кафедрасының аға оқытушысы - Уәлиев Серік Сұлтанбекұлы.

3. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің проректоры, т.ғ.к, профессор м.а. - Сейткасымов Аманбай Асылбайұлы.

4. Жалпы тарих және философия кафедрасының аға оқытушысы – Уалиев Талапкер Асқарұлы.

5. Отан тарихы және ҚХА кафедрасының докторанты - Карсакова Гүлмира Болатқызы.

6. «Тарих» мамандығының 2 курс студенті - Садуахас Мұхамеджан. «Қазақ мемлекеттілігінің бастаулары және қазақ хандары».

7. «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті - Куляш Нысанбек. Қазақ хандығының 550 жылдығына арнау оқыды.

Шараға қатысқан баяндамашылар ең асыл қазына – ел бірлігі және Қазақтың рухын биікке көтеру мәселесіне баса назар аударып, жастарға рухани қолдау берді.

Конференция соңында оның қарары қабылданды.

Студенческая научно-практическая конференция «Казахская государственность: прошлое и настоящее», посвященная 550-летию Казахского ханства.

16 сентября 2015 года в актовом зале Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова прошла студенческая научно-практическая конференция «Казахская государственность: прошлое и настоящее», посвященная 550-летию Казахского ханства.



Цель конференции: пропагандировать среди молодежи имена видных исторических личностей, посвятивших свою жизнь и деятельность процветанию и укреплению Казахского Ханства.

В мероприятии приняли участие известные историки, представители общественных объединений, ППС и студенты университета и представители СМИ. Библиотекари университета организовали выставку книг.

Конференцию с приветственным словом открыл проректор по воспитательной работе Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова Сейткасымов Аманай Асылбаевич.

Докладчики конференции:

• Профессор кафедры Отечественной истории и АНК Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова, д.и.н. Абуев Кадыржан Кабиденұлы. «Президент Н.А.Назарбаев об истоках казахской государственности»

• Ст. преподаватель кафедры МПЕН(г)Д филиала АО НЦПК «Орлеу» по Акмолинской области Уалиев Серик Сұлтанбекұлы.

• Проректор Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова, к.и.н., и.о. профессора Сейткасымов Аманбай Асылбаевич.

• Старший преподаватель кафедры Всеобщей истории и философии -Уалиев Талапкер Асқарұлы.

• Докторант кафедры Отечественной истории и АНК Карсакова Гүлмира Болатовна.

• Студент 2 курса специальности «История» Садуакас Мұхамеджан с докладом «Қазақ мемлекеттілігінің бастаулары және казак хандары».

• Студентка 2 курса специальности «Казахский язык и литература» Куляш Нысанбек прочитала посвящение 550-летию Казахского Ханства.

Выступившие участники конференции прочитали лекции, пропагандирующие духовные и нравственные ценности, укрепляющие единство народа, способствующие патриотическому воспитанию молодежи.

В заключении была принята резолюция конференции.

Құрметті жамағат, әріптестер мен студенттер!

Сіздерді барша мұсылмандардың ең ұлық мерекесі - қасиетті **Құрбан айты-мен** шын жүректен құттықтаймын!

Құрбан айт мерекесі ежелден мұсылман қауымының бейбітшілік пен бірлік, мейірімділік пен өзара көмек сияқты адами құндылықтарды нығайтатын ең басты мерекелерінің бірі. Бұл мереке игіліктің, адамгершіліктің, кеңпейілділіктің, жақындарға жанашырлық пен қамқорлықтың салтанат құруының нышаны. Осындай қасиетті күні жетімдерге, қарттарға, мүгедектерге және барша мұқтаж жандарға көрсетілетін көмек жүректерді ізгілік пен ризашылыққа толтырады. Және

де елдің береке-бірлігін бекемдейтін, қанағат пен қайырымдылықты арттыратын мейрамдардың бірі болып саналады. Құрбан шалу адам баласын шүкіршілік пен тәубаға келіп, аманатқа қиянат жасамауға шақыратын дәстүр. Ол Ибраһим пайғамбардан бастау алып, кейін Алланың елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан сүннет болған. Бүгін міне, Алланы бір, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды хақ деп білетін мұсылман баласы үшін Жаратушымыз белгілеп берген екі мейрамның ұлығы — Құрбан айт күндеріне де келіп жеттік.

Алла Тағаланың разылығы үшін Шоқан бабамыздың атындағы білім ордасында құрбандыққа мал шалынып, берекелі дастарқан жайылып, шат-шадыман қуанышқа бөленіп жатыр.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде игілікті істермен айналысу дәстүрге айналған. Атап айтсақ, әлеуметтік жағдайлары төмен және жетім балаларға тегін тамақ беріп, оларға қажетті жеңілдіктер жасау. Оларды жатақханалармен тегін қамтамасыз ету. Сонымен бірге Сандықтау және Айыртау аудандарындағы балалар үйіне жыл сайын ақшалай және заттай көмек беріледі. Соғыс және еңбек ардагерлеріне, қарттар мен мүгедек жандар да біздің назарымыздан тыс қалмайды.

Құрметті ағайын!

Жаратушы Иеміз тілектерді қабыл етіп, құт-береке сыйласын! Елімізде

әрқашан бейбітшілік, бірлік және келісім болсын! Баршаңызға зор денсаулық, сәттілік және амандық тілеймін!

Айт күнгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла Тағала қабыл етсін! Әрбір отбасына бақыт, бақ-береке орнасын! Көп ұлт пен ұлысты Отанымызға бірлік пен ынтымақ берсін!

Жаратқан Иеміз бәрімізге амандық, елімізге тыныштық, татулық әкелсін! Қасиетті Құрбан айт мерекесі әр шаңыраққа шаттығын ала келсін! Жүректерімізге иман нұрын құйып, жиылған қауымға екі дүние бақытын нәсіп етсін! Айттан айтқа әрдайым аман- есен жете берейік ағайын!

Құрбан айт мүбәрәк болсын!

Университетте қасиетті Құрбан айт мерекесіне арналып Құрбан шалынды



2015 жылғы 24 қыркүйек күні Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің асханасы мен 3 студенттік жатақханаларында барша мұсылмандардың ең ұлық мерекесі - қасиетті Құрбан айт мерекесі тойланып өтті.

Құрбан айт мерекесі ежелден мұсылман қауымының бейбітшілік пен бірлік, мейірімділік пен өзара көмек сияқты адами құндылықтарды нығайтатын ең басты мерекелерінің бірі. Бұл мереке игіліктің, адамгершіліктің, кеңпейілділіктің, жақындарға жанашырлық пен қамқорлықтың салтанат құруының нышаны. Осындай қасиетті күні жетімдерге, қарттарға, мүгедектерге және әлеуметтік жағынан аз қамтылған, тұрмыс деңгейі төмен отбасылар сияқты мұқтаж жандарға көрсетілетін қайырымдылық көмек жүректерді ізгілік пен ризашылыққа толтыратын, әрі елдің береке-бірлігін бекемдейтін, қанағат пен қайырымдылықты арттыратын мейрамдардың бірі болып саналады. Құрбан шалу адам баласын шүкіршілік пен тәубаға келіп, аманатқа қиянат жасамауға шақыратын дәстүр.

Алла Тағаланың разылығы үшін Шоқан бабамыздың атындағы білім ордасының басшысы Әбдімүтәліп Әбжаппарұлының бастамасымен құрбандыққа мал шалынып, мерекелік дастарқан жайылды. Ұлық мейрамға 100-ден астам қонақ арнайы шақырылды. Жалпы университет бойынша Құрбан айт мерекесіне 1200 адам қатысып, мерекелік астан дәм татты.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде игілікті істермен айналысу дәстүрге айналған.

Атап айтсақ, әлеуметтік жағдайлары төмен және жетім балаларға тегін тамақ беріліп, оларға қажетті жеңілдіктер қарастырылған. Олар жатақханалармен де тегін қамтамасыз етілген. Сонымен бірге Сандықтау және Айыртау аудандарындағы балалар үйлеріне жыл сайын ақшалай және заттай көмек беріледі. Соғыс және еңбек ардагерлеріне, қарттар мен мүгедек жандар да біздің назарымыздан тыс қалып жатқан жоқ.

Аталмыш шараны Ш.Уәлиханов атындағы КМУ ректоры Әбдімүтәліп Әбжаппарұлы өзінің құттықтау сөзімен ашып, жиылған қауымды Құрбан айт мерекесімен құттықтады. Одан кейінгі сөз кезегі ҚМДІ Ақмола облысы бойынша Науан Хазірет атындағы мешіттің бас имамы Қанат Қыдырминге беріліп, ол мұсылмандардың ең ұлық мерекесі - қасиетті Құрбан айт мерекесімен құттықтай отырып, жиылған жамағатқа төмендегі сөздерін арнады:

Жаратушы Иеміз тілектерді қабыл етіп, құт-береке сыйласын! Елімізде әрқашан бейбітшілік, бірлік және келісім болсын! Баршаңызға зор денсаулық, сәттілік және амандық тілеймін!

Айт күнгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла Тағала қабыл етсін! Әрбір отбасына бақыт, бақ-береке орнасын! Көп ұлт пен ұлысты Отанымызға бірлік пен ынтымақ берсін!

Жүректерімізге иман нұрын құйып, бәрімізге екі дүние бақытын нәсіп етсін!

Құрбан айт мүбәрәк болсын!-деп сөзін аяқтады.

Сонымен бірге бұл игі шараға облыстық және қалалық мекемелердің басшылары, БАҚ өкілдері, соғыс және тыл ардагерлері, университеттің еңбек және Ауған соғысының ардагерлері де арнайы шақырылып, оларға үлкен құрмет көрсетілді.

Дастарқан басында үлкендер жағынан жақсы қасиеттерге итермелейтін уағыздар айтылып, университет жастарына жақсы тәлім-тәрбие берілді.

Мереке барысында қасиетті қара шаңырақта қазақтың күйлері ойнап, әсем де үезді әндер ғырқалды. Осынау ұлық мерекеден мол ғибрат алған студенттер қауымы білім ордасының әкімшілігі мен ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдіріп, жақсы әсермен таркасты.

В университете в честь священного праздника Курбан айт было совершено жертвоприношение



24 сентября 2015 года в 14.00 в столовой Кокшетауского государственного университета им.Ш.Уалиханова и в трех студенческих общежитиях прошло празднование священного для всех мусулман праздника Курбан айт.

Курбан айт - праздник жертвоприношения, один из главных праздников мусульман, укрепляющий такие человеческие ценности как мир и единство, милосердие и взаимопомощь. Он олицетворяет идеалы нравственного совершенствования, стремления человека к состраданию и милосердию, является символом благополучия, человечности и добра. В этот священный день оказывается помощь сиротам, престарелым, инвалидам и всем нуждающимся, люди проявляют взаимную любовь, гостеприимность и щедрость.

В нашем университете, который носит имя нашего предка Шоқана, по инициативе руководителя учебного заведения Абжаппарова Абдумуталипа Абжаппаровича было совершено жертвоприношение, накрыт праздничный дастархан и были специально приглашены свыше 100 гостей. В общем, в праздничном мероприятии приняли участие и отведали праздничное угощение 1200 человек.

В Кокшетауском государственном университете им.Ш.Уалиханова стало традицией совершать добрые дела. Студенты из малообеспеченных семей и дети-сироты охвачены бесплатным питанием, обеспечены бесплатным общежитием, им делаются необходимые скидки. Кроме этого, детским домам Айыртауского и Сандыктауского районов каждый год оказывается материальная помощь. Не остаются без нашего внимания ветераны войны и труда, престарелые и инвалиды.

Мероприятие открыл ректор КГУ им.Ш.Уалиханова Абжаппаров Абдумуталип Абжаппарович, он поздравил гостей с праздником Курбан айт. Следующее слово было предоставлено главному имаму мечети им.Науана Хазрета по Акмолинской области Канату Кыдырмину. Ол поздравил собравшихся с праздником Курбан айт со словами:

Да будут приняты Всевышним Аллахом наши пожелания, да удостоит Он всех мусульман милостью своей и прощением! Пусть этот праздник станет для мусульман светлым и радостным, и укрепит их веру, побудив к свершению благих дел! От всей души желаю Вам и Вашим близким крепкого здоровья, благополучия, счастья, терпения, успехов и всего самого наилучшего!

Мир Вам, милость Всевышнего Аллаха и его благословение!

На праздник были приглашены руководители областных и городских учреждений, представители СМИ, ветераны войны и труда, ветераны труда университета и Афганской войны, им были оказаны почести и уважение. За дастарханом взрослые не навязчиво вели воспитательную беседу с молодежью университета.

Праздник продолжился исполнением песен и кюев.

Мероприятие произвело на студентов хорошее впечатление, они прослушали наставления старших и выразили благодарность администрации университета.



Меморандум о стратегическом сотрудничестве между КГУ им. Ш. Уалиханова и ТОО «АгроИнтерТех»

Ректор Кокшетауского государственного университета имени Ш. Уалиханова Абжаппаров А.А. первого сентября 2015 года посетил головной офис ТОО «АгроИнтерТех», в котором прошла встреча с генеральным директором Темиржановым Муратом Баритовичем.

Эта компания является официальным дистрибьютором агро-техники мирового класса ведущих брендов: Challenger, Massey Ferguson и Fendt и специализируется на поставке в Северный Казахстан лучшего сельскохозяйственного оборудования.

Также проводится большая работа по сервисному обслужи-

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ мен «АгроИнтерТех» ЖШС арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры Ә.Ә.Әбжаппаров 2015 жылдың 1 қыркүйегінде «АгроИнтерТех» ЖШС-нің басты кеңсесінде бас директор Темиржанов Мурат Баритұлымен кездесті.

Бұл компания Challenger, Massey Ferguson және Fendt сияқты әлемдік топтағы озық брендті агротехниканың ресми дистрибьюторы болып табылады. Ол Солтүстік Қазақстанды ауыл шаруашылығы саласының үздік құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету ісімен айналысуда.

Сонымен қатар сатып алынатын техникаға қызмет көрсету сервисі бойынша да үлкен жұмыстар атқаруда. Бүгінде «Агро-ИнтерТех» қоймаларында кез келген жөндеу жұмыстарын сапалы және тез орындауға қажетті барлық заттар бар.

«АгроИнтерТех» ЖШС базасында «AGCO» корпорациясының ауыл шаруашылығы техникасын сату және оған сервистік қызмет көрсету бойынша Қазақстандағы тұңғыш дилерлік Орталық ашылды.

Осы кездесу аясында Ш.Уәлиханов атындағы КМУ мен «АгроИнтерТех» ЖШС арасында өзара түсіністік пен стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ванию реализуемой техники. На сегодняшний день в складах «АгроИнтерТех» есть все необходимое для качественного и оперативного выполнения ремонтных работ любой сложности.

На базе ТОО «АгроИнтерТех» открыт первый в Казахстане дилерский центр по продаже и сервисному обслуживанию сельхозтехники корпорации «AGCO».

В рамках данной встречи был подписан меморандум о стратегическом сотрудничестве между КГУ им. Ш. Уалиханова и ТОО «АгроИнтерТех».

«Біз салауатты өмір салты үшін!» атты ұранымен өткен «Денсаулық фестивалі»



ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында 2015 жылғы 19 қыркүйек күні сағ. 10.00-де «Көкшетау қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ ұйымдастыруымен «Біз салауатты өмір салты үшін!» ұранымен «Денсаулық фестивалі» кең ауқымды акциясы өткізілді.

Аталған шараға Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің 1 курс студенттері, сондай-ақ Көкшетау қаласындағы мектеп оқушылары мен колледж және жекеменшік ЖОО-ның студенттері де атсалысты.

Университеттің ТІЖ проректоры А.А.Сейіткасымов бас оқу ғимаратының алдына 5 факультеттен жиналған 1000-ға жуық ОІПҚ мен студенттерді «Денсаулық фестивалімен» құттықтап, оларға сәттілік тіледі.

«Денсаулық фестивалі» барлық қатысушылар үшін таңғы және өндірістік гимнастиканы насихаттау, салауатты өмір салтын жүргізу мәдениетін, сонымен қатар салауатты өмір салты жөнінде

ақпараттандыруды жоғарылату және әр спорт түрінде өздерін көрсетуге мүмкіндік беретін «Біз салауатты өмір салты үшін!» ұранымен өткізілді. Білім ордасы жанынан бастау алған студенттер легі Бұқпа тауының етегінде орналасқан «Динамо» спорт кешенінде жаттығуларын жалғастырды.

Аталмыш акцияны өткізудегі басты мақсат – жұртшылықтың, бұқара халықтың назарын денсаулықты сақтау мен нығайтуға, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

Президент миалысына бірінші рет қатысқан Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің 1 курс студенттері сергектіктің үлкен жаттығуын алып, терең әсерге бөлініп, жақсы ниетпен үйлеріне таркасты.

Осылайша, спорт күні Көкшетаулықтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Болашақта осындай спорт акциялары дене шынықтыру және спортпен айналысудың үлкен жетекшісі болса екен дейміз!

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын, жаманның жамандығын айт - құты қашсын» дегендей, аузын ашса, ақ жүрегі көрінетін адал жан, саналы ғұмырын оқу-ағарту ісіне арнап келе жатқан ниеті түзу, пейілі кең университетіміздің ұлағатты ұстаздарымыздың бірегейі – Жамшит Темірбеков биыл сексен жасқа толып отыр.

Ұлағатты ғұмырын ұлықтай білсек...

Асылы, абыройлы жастың астарында сандаған еңбектер, еленген ғибратты ғұмыр жатқандығы аян. Кешегі еліміздің тарихында өткен саяси қуғын-сүргіннің құрбаны, халқым деп қапыда кеткен Алашшыл, ұлтшыл, текті әулеттің ұрпағы Жамшит Темірбекұлы Көкшетау облысы, Көкшетау ауданы, «Октябрьдің 40 жылдығы» ауылында 1935 жылдың 11 қыркүйегінде дүниеге келген.

Болашақ ғалым 1959 жылы Алматы мемлекеттік медициналық академиясы, санитар-гигиеналық факультетін тәмамдағаннан кейін, өзінің еңбек жолын ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігінің эпидемиология, микробиология және жұқпалы ауруларының ҒЗИ қызмет атқарумен бастаған. Онда 30 жылдан астам қызмет атқарды.

Жамшит Темірбекұлы 1959-1964 жылдары – кіші ғылыми қызметкер, 1969 жылы аға ғылыми қызметкер, 1975-1977 жылдары Москва қаласы, РФ МҒА полиомиелит және вирусты энцефалит институтының докторанты болса, 1978-1989 жылдары ҚЭМЖАИ эпидемиология бөлімінің меңгерушісі қызметін де абыроймен атқара білген.

1989-1998 жылдары – ҚР Денсаулық сақтау мамандарын жетілдіру институты, эпидемиология кафедрасының меңгерушісі, 1999-2001 жылдары - БҰҰ дамыту бағдарламасы бойынша «Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің» Ұлттық expertі болып қызмет етті.

2001 жылдан бері Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Биология және оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры Жамшит Темірбекұлының жоғары маманданған вирусолог-эпидемиолог екендігі де белгілі. Ұстаз-ғалым Ж.Т.Темірбеков алғаш рет Оңтүстік-Батыс аймақтарының шөлді-құмдақ жерлерінде қырым геморрагиялық қызба (кокала) ауруының таралуын зерттеген.

Бүгінгі күні тағылымы мол дарабоз ұстаз Ж.Т.Темірбековтың жетекшілігімен 30-дан аса дипломдық және магистерлік жұмыстар орындалған. Әлбетте, бұл дегеніміз – ғалым бойындағы тынымсыз ізденімпаздық, ғылыми-зерттеушілік әлеуетінің толыққандылығы.

Микробиология және вирусология, валеология, медициналық және ветеринарлық биотехнология пәндерінен дәріс оқып, шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленген зерделі ғалымның 150-ден аса ғылыми еңбектері бар, оның ішінде 2 монографиясы, 15 оқулық және оқу құралдарын әзірлеген. Олар негізінен санитарлық-эпидемиологиялық мәселелерге және Қазақстандағы экологиялық-эпидемиологиялық сараптамаларына арналған.

«Жақсының жүзі жарқын жарқылдаған, Жақсыда еш сыр қалмас айтылмаған» - демекші, осынау ерен еңбектің нәтижесінде «Денсаулық сақтау үздігі» (1968) белгісімен, «Құрмет белгісі» (1981) орденімен, «Еңбек ардагері» (1985), «Қазақстан Республикасының ғылымына үлес қосқаны үшін» (2006) медальдары, бірнеше рет Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ұстаз жолы қызық та қиын жол. Мұғалім болу кез келгеннің қолынан келсе де, екінің бірінің қолынан нағыз ұстаз болу келе бермесі анық.

Жалықпай ұстаздық етіп, әріптестері мен шәкірттеріне осы бір маньзды саланың қыр-сырын үйретуден жалыққан емес. Бүгінде біз Жамшит ағаны абырой – беделге ие болған тәжірибелі, ұлағатты ұстаз ретінде танимыз. Оны әрдайым құрметтеп, мақтан тұтамыз.

Сонымен бірге «Бала – балкытылған алтын, оны қандай қалыпка құйып, қандай мүсін жасаймын десе де ұстаздың өз қолында» демекші Жамшит Темірбекұлының өзінің сүйікті ісі – бала тәрбиесін өмірінің мәніне айналдырғаны да бар. Сізді осы бір мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтай келе деніңізге саулық, мағыналы ұзақ ғұмыр, бойыңызға қажымас қайрат, абыройлы ісіңізге мол табыс тілейміз. «Ісін оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз. Даңқын екіншн десең, көпшіліктің адамы болыңыз» деп әлемнің ақын ұстазы атанған Әл-Фараби бабамыз айтқандай Сіз меңгерткен білім нәрі мен ғибратты өміріңіздің жолы кейінгі шәкірттеріңіздің сарқылмас қазынасына айнала берсін демекпін.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің Биология және ОӘ кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к. доцент, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері Шынар Дурмекбаева



Мы гордимся нашими наставниками

Да в но известн такой факт, что в системе образования долго и плодотворно работают только те, кто са-

моотверженно предан делу обучения и воспитания, кто отдает этому процессу свой педагогический талант и профессионализм. Именно к таким людям – «золотому педагогическому фонду» КГУ им. Ш. Уалиханова - относится старший преподаватель кафедры иностранных языков - Краснопёрова Ольга Евгеньевна.

С 1977 года ее жизнь неразрывно связана с «Alma mater», куда она вернулась после двухгодичной работы в средней школе № 16 г. Кокшетау. Почти 40 лет в стенах КГУ им. Ш. Уалиханова Ольга Евгеньевна прививала студентам любовь

к языку Гёте и Шиллера. Вот уже на протяжении нескольких лет студенты Ольги Евгеньевны выигрывают гранты на языковую стажировку в Германию по программам DAAD и LOGO.

Ее занятия отличаются интересным подходом обучения ко всем видам речевой деятельности, она глубоко знает свой предмет и прекрасно владеет методикой преподавания немецкого языка. Ольга Евгеньевна пользуется большим уважением и авторитетом среди коллег и сотрудников университета, добрый, искренний и отзывчивый человек.

О таких людях как Ольга Евгеньевна говорят - «прирожденный лидер». Все, с кем она общается, отмечают ее способность сплачивать вокруг себя людей. Организатор, заводила, инициатор – полна идей и планов, всегда в центре событий и все ей по плечу. Легка на подъем, деятельная - рядом с ней заряжаешься энергией, бодростью и позитивом.

Имея большой практический опыт

работы, организаторский талант, обладая такими качествами как компетентность и ответственность, закончив аспирантуру, Ольга Евгеньевна прошла путь от преподавателя до заведующего кафедрой (1997 – 2001гг.). За это время она проявила себя как внимательный руководитель, болеющий душой за свой коллектив и стремящийся сделать так, чтобы каждому преподавателю под ее началом работало комфортно.

В канун профессионального праздника хотелось бы выразить Ольге Евгеньевне огромную благодарность и признательность за многолетнюю и плодотворную работу, за вклад в образование и воспитание молодого поколения Казахстана, за популяризацию немецкого языка в нашем регионе. От всей души поздравляем Ольгу Евгеньевну с Днем Учителя и желаем ей сохранять оптимизм, бодрость духа и жизнерадостный настрой!

Кафедра иностранных языков

Таңсық Жұрынқызының 70 жасқа толу мерейтойына арналған кезектен тыс кеңейтілген ғылыми Кеңес мәжілісі

2015 жылдың 18 қыркүйегі күні Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің салтанат залында Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі, республикаға танымал ұстаз, қазақ филологиясы кафедрасының академиялық доценті **Таңсық Жұрынқызының 70 жасқа толу мерейтойына арналған кезектен тыс кеңейтілген ғылыми Кеңес мәжілісі** өтті.

Аталмыш шараны Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Әбдімүталип Әбжаппарұлы Әбжаппаров өзінің құттықтау сөзімен ашты.

Кеңеске университеттің ОІҚ және проректорлары, Ғылыми Кеңестің хатшысы Г.Т.Тлеубердина, п.ғ.д., проф. Б.Б.Жахина «Ұстаз ғибраты» баяндамасы, Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Көкшетау қаласы, Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің» директоры Құралай Ғазизовна Идрисова, «Көкше» академиясының профессоры Қасиет Какенұлы Молғаждаров, Көкшетау қалалық білім беру басқармасының бастығы Бейбіт Әйтмұлы Жүсіпов, Ақмола облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері Қайыр Хамитұлы Абдрахманов, М.Ғабдуллин атындағы көп тілде оқытатын мектеп – гимназиясының директоры Айнагул Қыдырбайқызы Балташева, № 18 орта мектептің директоры Жақсылық Құланұлы Өтебаев, филология және педагогика факультетінің деканы Раушан Сахтиярқызы Әмренова және БАҚ өкілдері қатысты.

Конференция барысында қатысушылар мен қонақтардың назарына ұлағатты ұстаз - Таңсық Жұрынқызының өмірі мен зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеу жолындағы педагогикалық қызметінен бейнебаян ұсынылды. Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен – тарихтағы ең ұлы істің бірі

Оқу-тәрбие ісі ағартушылық деп бекерге аталмаған. Адамның санасына тигізер ықпалы осындай. Себебі рухы биік ұрпағы бар, көкірек көзі ояу жұртына сенген қоғам қашанда мықты. Тегін сақтаған әулетті, қызырлы шаңырақты ібіліс те иектей алмайды деген бар.

Сана да – бір шырақ. Зиялы тәлімгер оның отын тұтатса, ізгілік игілікке, әдептілік әдемілікке ұласады.

Адамдық қасиеттің жауқазындай ашылуына да себеп керек. Үлкендер мида жеті шырақ болады дейді. Соның кем дегенде үшеуі жанса – ақылдылық, бесеуі маздаса – ұлылық. Жетеуі бірдей әсуле шашса – пайғамбарлық екен. Бұл тенеудің астарында «ағартушылық» сөзінің маңызы өте зор екендігі танылады.

Өткенді парактасақ, «Бір аллаға сиынып, кел, балалар, оқылықты» мирас еткен Ыбырай бабамыздан бастап, қолына қалам ұстаған дала зиялыларынан бала оқытуға араласпағаны кемде-кем.

Мұғалім атану – ұлтымыздың ұғымында үлкен мәртебе. Оны тек шәкірттері ғана емес, ауыл-аймақ, ел-Отан, көпшілік тыңдаған, қатты сыйлаған, зор құрмет тұтқан. Әсіресе ХХ ғасырдың орта тұсында мұғалім үнемі көш басынан көрінді. Түзде де, үйде де өрелі өнегесімен дараланды. Сондықтан болар батаның ең зоры, ең үлкені «мұғалім бол» болды. Кейінгі толқын да мұғалімді ерекше құрметтеді, мұғалім болуды армандады.

Қасында жүрсең қазынаға кенелгендей байитын, үмітің артып, сенімнің нығаятын үлкен ұлағатымен, көргенді іс-әрекеттерімен есімізде қалған аға-апаларымыз аз емес. Соның бірі және бірегейі – танымы терең, талғамы кемел ұстаз Т.Жұрынқызы.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі Т.Жұрынқызы еңбек жолын Щучье қаласындағы мектеп-интернатта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болудан бастады. Ол өзінің ортасы жайында: «Тәжірибе тіркетеліп жиналады және тағылымнан туалы. Тағылым тәрбиенің мәуесі деп санаймын. Егер жас мұғалім тағылымды ортаға түссе, ұстаздық мүлде-міндетіне саналы қарап, ұрпақ тәрбиесінің жауапкершілігін жүрегімен сезініп, ізденіске ұмтылады. Менің ұстаздық кадамымды бастаған мектебім тағылымды орта болды», – дейді («Ізгі парыз» 33-бет).

Өнерге бай, тілге шешен Т.Жұрынқызы талай игі істің ұйытқысы болды. Ұжымына ажар берді, ынтымақ, бірлік тұтасты.

Мұғалімдік те – дарындылық сияқты ерекше қабілет. Ол кемелденіп барып, ағартушылық, ұстаздық дәрежеге жетеді.

Т.Жұрынқызының бір сабағының куәсі болған методист-мұғалім, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі Е.Керімбаев: «Мұғалім өлеңді сыңғырлаған әсем әуезбен, құлаққа жағымды үнмен серпілте төгіп-төгіп жіберді. Балғындар өлеңнің құдіретін алғаш ұққандай, ұстазға кірпік қақпай қадала қарап, қыбырсыз қатып қалған. Өлең оқылып біткен соң да, олар әсер құшағында үн-түнсіз отырып қалды», – деп таңқалысын білдіреді.

Себебі З.Қабдоловқа шәкірттері айтқандай, аудиторияға кіріп-шығып, сабақ беріп жүргендердің бәрі ұстаз емес... Асау



екеніне тағы бір көзімізді жеткіздік. «Шәкіртім алған білімін өз кәдесіне жаратып, өмірде өз жолын адаспай таба білсе, менің мақсатымның орындалғаны», – деп ой түйген Таңсық апай да өз оқушыларына деген ризашылығы мен ыстық ықыласын білдіріп өтті. Негізінде, Ана мейірімі мен ұстаз мейірімі егіз.

Педагогикалық қызметтегі табыстары мен ұстаздық жолындағы ерен еңбегі үшін Таңсық Жұрынқызы ҚР БҒМ-нің «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталып, университет басшысы Ә.Әбжаппаров бұл марапатты өз қолымен табыс етті.

Сонымен бірге кешке қатысқан ұстаздың туған-туысқандары, әріптестері мен оқушылары өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Мерейлі кеш естелік суретке түсумен аяқталды.

Ұстаз ғибраты

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі, республикаға танымал ұстаз, қазақ филологиясы кафедрасының академиялық доценті Таңсық Жұрынқызы 70 жаста.



аудиториялардың арынын басып, назарын аударар алатындай терең ой, ой болғанда да телегей теңіздей толассыз ағып, лықсып келіп тұрған білімнен туындайтын ой, сол ағыл-тегіл ағынды нақты сәтке, нақты жағдайға қарай таңдап, талдап қажетті арнаға бұра алатын парасат, соны мөлдiретiп, ойнатып жеткізе алатын таза, нәрлі, суретті, тірі тіл шеберлікпен өріледі. Таланатты ақын, көрнекті жазушы атану үшін талант қаншалықты қажет болса, үлкен әріптермен жазылатын Ұстаз атану үшін де талант соншалықты қажет.

Әріптестерінің сөзімен айтқанда, мазмұнды ғұмырды әрдайым биіктен іздейтін ұстаздың алдынан талай шәкірт ұшып, өмірден өз орын-дарын тапты. Сүйікті мамандықтарының иесі болды, мәселен, қалалық оқу бөлімінің басшысы, облыстық оқу бөлімінің әдіскері, облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері, сот, мектеп директорлары, мұғалімдер т.т.

